

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Коучинг «Бағалау және бағалау түрлері»

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/28382/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақ тақырыбы: Коучинг «Бағалау және бағалау түрлері»**Жалпы мақсат:** Әріптестерге қазіргі бағалау жүйесімен, яғни бағалау түрлері туралы ақпарат беру, оқу, оқытудың сапасын жақсарту мақсатында формативтік бағалау жүргізудің маңыздылығын ұғындыру. Критериалды бағалауға бағыт беру;**Күтілетін нәтиже** Мұғалімдер бағалау туралы ақпарат алады, күнделікті өздері бағалап жатқан түрлерімен салыстырады, келешекте сабақта қолдануға бейімделеді, сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құру арқылы бағалауды біледі.**Түйінді идеялар:** Бағалаудың түрлері туралы кеңінен мәлімет бере отырып, мұғалімдерді оқушылардың білімін нақты, тиімді дұрыс бағалауға жетелеу және бағалаудың түрлері, әдіс тәсілдерін тәжірибеде қолдануға бағыттау.**Дереккөздер:** Маркер, ақ парақтар, АКТ: бейнежазба, әр стикерлер, суреттер, бояулар.**Тапсырмалар:** Топпен жұмыс, постер қорғау. Мұғалімге арналған нұсқаулық.

Сабақ бойынша коуч пен мұғалімдердің іс-әрекеті:

Ұйымдастыру Коучтың іс-әрекеті
кезеңі
Уақыты**Қатысушылардың іс-әрекеті**

<p>Психологиялық ахуал тудыру 2 мин</p>	<p>-Қайырлы күн, әріптестер! Мен сіздердің бүгінгі «Бағалау және оның түрлері» атты коучинг сессияға қатысқандарыңызға қуаныштымын. Көңіл-күйлеріңіз қандай? Сабақты бастамас бұрын алдымен шеңбер құрып, «Қар көшкіні» ойынын ойнайық.</p>	<p>Амандасады.Өз көңіл-күйлерін айтады.Мұғалімдер шеңбер бойымен тұрып, қасындағы мұғалімге оның бойындағы жағымды бір мінезін айтады.</p>
<p>Ұйымдастыру кезеңі 2 мин</p>	<p>Топқа бөлу: Мұғалімдерді «Жеміс салаты» бойынша топтастыру. Ол үшін таңдаған жемістері бойынша топқа бөлу</p>	<p>Мұғалімдер жемістерді таңдап алады, топқа бөліне бастайды.</p>
<p>«Дейін – кейін» стратегиясы</p>	<p>Мұғалімдердің тақырып бойынша білім деңгейін «Бағалау дегеніміз не? Ал баға дегенді қалай түсінеміз? деген сұрақтарға жауап жаздыру.</p>	<p>Мұғалімдер үлестірілген ақ қағаздың «дейін», «кейін» бағанасына бағалау туралы не білетінін жазады.</p>
<p>Теориялық материал</p> <p>«Оқыту үшін бағалаудың әдіс-тәсілдері мен қолдану тиімділігі»</p>	<p>Презентация арқылы қысқаша мәлімет бердім. «Бағалау» термині «жақын отыру» деген мағынаны білдіреді.Себебі бір адам басқа адамның не айтып,не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін бақылауы болып табылады. Бағалаудың 2 түрі бар: 1. Оқуды бағалау (суммативтік немесе жиынтық) 2. Оқыту үшін бағалау (формативтік немесе қалыптастырушы). Оқыту үшін бағалаудың бірнеше түрі бар: 1. Өзін-өзі бағалау; 2. Өзара бағалау; 3. Топтық бағалау; 4. Критериалды бағалау. Формативтік бағалаудың мақсаты: оқушының білімін жақсарту. Оқушының өзіне деген сенімділігі пайда болады, менің де қолымнан келеді деген ой қалыптасады. Өзінің білімінің қай деңгейде екенін біле отырып, «жақсы оқуға» ынтасы ауады. Ал,мұғалім қай бағытта жұмыс жасау керектігін білетін болады. • Формативтік оқуды бағалаудың тәсілдерімен таныстырамын.Тек баланың жұмысының нәтижесін ғана емес, еңбегін де бағалау маңызды. Себебі сіз ол үшін ең қажет нәрсе – қолдау бересіз!</p>	<p>Таныстырылымды ұстаздар тыңдады</p> <p>Бүгінгі сабақтың мақсаты мен нәтижесімен танысады.</p> <p>Өздеріне керекті мәліметтерді түртіп алып отырады.</p> <p>Өздеріне белгілі мәліметтерімен топта талқылап отырады</p>
<p>1-тапсырма 10минут</p>	<p>Топтық жұмыс 1-топқа «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», Тарихи шолу, Заманауи түсінік, 2-топқа «Бағалаудың мәні» 3-топқа «Оқуды бағалау, Оқу үшін бағалау» 4-топқа ««Мұғалімдер үшін маңызы»</p>	<p>Постерлерін қорғайды</p>
<p>Топтық бағалау</p>	<p>Топтар өзара бірін-бірі топтық жұмысты «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалау</p>	<p>Топтар өзара «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды.</p>

<p>Практиж</p> <p>Тапсырма №1</p>	<p>Жеке жұмыс. 10 минут. Жеті қазынаның бірі тазы иттің суретін салу. Бағалау дегеніміз не?, Бағалаудың қандай түрлерін білесіңдер? Осы екі бағалауда қандай бағалауды анықтадыңыз? Өзіндік және өзара бағалау дегеніміз не? Критерии бойынша салған суреттеріңізді бағалаңыздар? Критериялды бағалау дегеніміз не?</p> <p>нақтылығы Бетте эстетикалық фантазиясы орналасуы</p>	<p>Жеке жұмыс.Салған суреттерін өздері бағалау керек. Жұптық жұмыс.Әрбір жұп бір-бірінің суретін бағалаңыздар. Топтық жұмыс. Тапсырманы бағалаудың критерийлерін дайындайды.Дайындалған бағалау критерийлерін слайд арқылы көрсетеді. Енді өздеріңіз салған суретті төмендегі критерий бойынша бағалаңыздар</p>
<p>I</p>	<p>«Тазы» тақырыбына сурет салу үшін парақтар үлестіремін.Өз жұмысын смайликтер арқылы бағалауын және бір-бірін бағалауды сұраймын.</p> <p><input type="checkbox"/> -өте жақсы <input type="checkbox"/> -жақсы <input type="checkbox"/> -орташа <input type="checkbox"/> -нашар</p>	<p>Мұғалімдер сәл ойланып, өз қиялындағы тазы итті салады. Жұмыстарын өздері бағалайды, өзара бағалайды. Мұғалімдер ынтымақтастықпен әрекет жасайды. Жұмыстарымен таныстырып,неліктен мұндай бағаланғанын дәлелдейді.</p>
<p>Кері байланыс</p>	<p>-Тапсырмадан кейін не істедіңіз? -Өзіңізді бағалау жеңіл болды ма,әлде өзара бағалау жеңілірек тиді ме? -Бұл әдістер туралы не ойлайсыз? -Сандық бағалаудан айырмашылығы бар ма? -Оқушы еңбегін бағалау үшін қайсысы тиімдірек?</p>	<p>Мұғалімдер кезекпен сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын ортаға салады. Сандық бағалаумен салыстыра отырып,өздері айырмашылығын табады. Тәжірибесінен мысалдар келтіреді.</p>

Джигсо әдісі Әр топқа тапсырма беріледі. Әр топ сұраққа жауаптарын схема,таблица түрінде жазуларына болады. Джигсо әдісі қолданады, әр топ алмасу арқылы бір-бірінің жазуларын толықтырады, алмасады. Әр топ мүшелері өз жұмысын постер арқылы қорғайды. Жұмыс үшін және қорғаушы үшін бағалау критерийлері тақтаға ілінеді.

Жұмыс үшін бағалау критерийлері : Қорғаушы үшін бағалау критерийлері :

- | | |
|--|--|
| <p>1. Жұмысқа тақырып қойылған</p> <p>2. Жұмыс талапқа сай ұқыпты безендірілген</p> <p>3. Ерекше</p> | <p>1. Қорғаушы қағазға қарамайды, оқымайды, тек баяндайды</p> <p>2. Тақырып бойынша қорғау</p> <p>3. Әңгіме қызықты және құнды пікірлермен жазылған</p> <p>4. Уақытты тиімді пайдаланды</p> <p>5. Қорғаушының сөйлеу мәнері, дауысы анық</p> |
|--|--|

Сергіту сәті 3 мин	«Қара жорға» бейнежазбасын көрсетіп, билету	Бейне жазбадағы көрсетілген биге қосылып биледі
Тапсырма №2. 5 мин	Топтарға гүлге, көбелекке, аққуға критерийді құруды тапсырамын.	Суретке критерий құрады.
Қорытындылау 10 мин	Топтарға коучинг соңында бағалау бойынша не білетінін жазуды тапсырамын.	Сіз тағы қандай бағалау тәсілдерін ұсынар едіңіз? Топтар таратылған бағанына бағалау туралы не білетінін жазады.
Рефлексия 3 мин	«Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясын түсіндіріп, пайдаландым. Әріптестерім соңынан «Алақан» өз пікірлерін жазып ілді. Теориялық білімдерін қанша мұғалімнің меңгергенін бақыладым.	Формативті бағалаумен «Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясын пайдаланып, топтың жақсы жетістіктері және жіберген кемшіліктеріне ұсыныс айтылды
Кері байланыс	Себетке гүл шоғын жинау арқылы сабақты бағалайды. Көк түс - сабақ маған қатты ұнады, бүгін мен көп нәрсені білдім, үйрендім, ал сары түс - түсінбегенім бар, маған көмек керек, тағы да сабақтарға қатыссам деп ойлаймын, ал жасыл түс - мен үшін түсініксіз болды, еш нәрсе түсінбедім.	Мұғалімлер бүгінгі коучинг сессия бойынша Себетке гүл шоғын жинау арқылы кері байланыс жасайды Мұғалімдер осы коучинг сессияда қандай мәселе шешкенін, не анықтағанын, коучинг әдісінің ерекшеліктерін, алдағы уақытта осы коучинг сессияны пайдалану мүмкіндіктері туралы жазады.

Рефлексия	Коучинг қатысушыларымен кері байланыс орнату. 1.Сізге коучинг сабағының мақсаттары түсінікті болды ма? Иә жоқ Түсініктемелер 2. Сіз бұл мақсаттарды өзіңіздің қажеттіліктеріңізге сәйкес келетінін мойындайсыз ба? Иә жоқ Түсініктемелер 3.Сізге оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер ұсынылды ма? Иә жоқ Олар қандай тәсілдер болды? 4.Коучинг кезінде сіз қызығушылықты сезіндіңіз бе? Иә жоқ Неге? 5.Коучинг кезінде сіз жаңа бір нәрсе үйрендіңіз бе? Иә жоқ Не үйрендіңіз? 6.Жаңа тәсілдерді қолданғанда сіздің сеніміңіз артты ма? Иә жоқ Қалай? 7.Коучинг сабағы Сіздің өзіңіздің оқыту мен оқу тәжірибеңізге өзгеріс енгізуге жігерлендірді ме? Қандай өзгерістер? 8.Сіз үшін осы коучингтің құнды жәйттері қандай болды? 9.Бүгінгі үйренгеніз сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? 10.Сіздің қандай ұсынысыңыз бар?	Өз ой – пікірімен бөліседі
-----------	---	----------------------------

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.